

Ақкөл ауданы бойынша мысық пен иттерді ұстау Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақкөл аудандық мәслихатының 2003 жылғы 5 мамырдағы N C-36-4 шешімі. Ақмола облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 5 мамырда N 1764 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 мамырдағы № C-38-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2011.05.23 № C-38-3 шешімімен

Ақкөл ауданы өкімдігінің ұсынысын қарастырып және Қазақстан Республикасының 2001 ж. 23 қаңтардағы N 148-II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару" Заңының 6-бабына, 2002 ж. 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 ж. 30 қаңтардағы № 155-II "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 311-бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ** ЕТТІ:

1. Ақкөл ауданында мысықтар мен иттерді ұстау Ережесі бекітілсін (қосымша б е р і л г е н) .

2. Осы шешім Ақмола облыстық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

Аудандық мәслихат

Аудандық мәслихат

сессияның төрағасы

сессияның хатшысы

Ескертусіз келісілді

Аудан әкімі

Ақкөл ауданының мемлекеттік бас санитарлық дәрігері

Қала әкімі

Аудан ішкі істер бөлімінің бастығы

А қ к ө л

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

5

м а м ы р д а ғ ы

С - 3 6 - 4

ш е ш і м і м е н

Бекітілген

Ақкөл ауданында мысық пен иттерді ұстау (әрі қарай Ереже) Ережесі

1. Иттер мен мысықтарды ұстаудың міндетті шарттары болып:

1) Тұрғылықты мекен бойынша, мал дәрігерлік емдеу орнында 2,5-3 айлығында диагностикалық тексеруден, қажетті барлық алдын-алу шараларынан

өткізу, жыл сайын қайта тіркеп отыру. Иелікке алған үй хайуандарын 2 апталық мерзімде тіркеу қажет.

2) Иттер мен мысықтарды тиісті мал дәрігерлік-санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес жағдайда ұстау. Үй хайуандары ұсталатын үй-жайларға жүйелі дезинфекция жүргізіліп және басқа да ветеринарлық-санитарлық шаралар орындалып отырылуы қажет.

3) Жұқпалы ауру туралы күдік туса немесе өлсе мал дәрігері қызметіне дереу хабарлап, ол келгенге дейін мысықты не болмаса итті оңаша ұстау қажет.

2. Мысық пен иттерді Ақкөл қаласынан, ауданнан тыс алып кету, әкелуге белгіленген үлгідегі тұрғылықты мекен бойынша аудандық мал дәрігерлік қадағалаудағы лицензия беруші дәрігердің ресімделген ілеспе құжаты берілген болса ғана рұқсат етіледі.

3. Иттер мен мысық ұстайтын ұйымдардың, мекемелердің, әуесқой қоғамдар мен клубтардың және жеке азаматтардың міндеттері:

1) Иттер мен мысықтарды иелікке алған сәттен бастап 5 күн ішінде тұрғылықты мекен бойынша мал дәрігерлік емдеу орнында тіркеу қажет. Алдын-алу шараларының жоспарына сай, жыл сайын егу, диагностикалық тексеруден өткізуді қамтамасыз ету керек. Иттерді ұстауда айналадағы азаматтар қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек. Иттер оңаша аумақтарда ұсталынуы тиіс (жақсы қоршалған аулалар мен учаскелерде, вольерлерде немесе байланған болуы керек). Иттің бар екендігі туралы аулаға немесе учаскеге кіре берісте ескертілген жазу ілінуді қажет.

2) Иттердің тіркелуін жүзеге асырушы мал дәрігерлік мекемелері, ит иелерін міндетті түрде ит ұстау ережесімен таныстырады.

3) Иттер мен мысықтарды биологиялық ерекшелікке сәйкес ұстау, оларға ізгілікпен қарау, қараусыз қалдырмау, ауырған жағдайда мал дәрігерінің көмегін сұрау.

4) Оларды ұстайтын орындар мен қыдыртатын жерлерде тиісті санитарлық жағдай қалыптастыру.

5) Иттерді оңаша үй-жайдан, аумақтан жалпы аулаға немесе көшеге шығарғанда тек қана қысқа тізгінмен немесе нөқта кигізіліп шығарылады.

6) Ит адамды немесе басқа хайуанды, малды қапқан жағдайда ит иесі міндетті түрде дереу жақын жердегі медициналық және мал дәрігері мекемесіне хабарлауы қажет, ит оңашаланып, 10 күн мал дәрігері маманының бақылауында болады.

7) Кооперативтік меншіктер иттері қыдырту орындарын айқындайды және оларды тиісті көрсеткіштермен белгілейді.

4. Иттер мен мысық иелерінің құқықтары:

1) Ит пен мысық меншік иелігі болып табылады да, кез келген меншік сияқты

5 . И т пен мысықты ұстау :

1) Иттер мен мысықтарды екі немесе одан да көп, туыстық қатынастары жоқ отбасылары тұратын тұрғын үй жайларында, жалпы пайдаланатын орындарда, пәтерлерде ұстау, олардың келісімімен және көршілерді медициналық тұрғыдан қарама қайшылығы болмаса рұқсат етіледі.

2) Ит пен мысықты бір отбасы тұратын жеке пәтерде ұстау, санитарлық гигиеналық мал дәрігері - санитарлық нормалары және осы ереже сақталған жағдайда рұқсат етіледі.

3) Иттерді қыдырту, осы мақсат үшін арнайы бөлінген алаңдарда, бос жерлерде, тағы да басқа адам жоқ жерлерде рұқсат етіледі. Иттерді қыдырту кезінде тұрғын үйлер жанында тыныштықты қамтамасыз ету керек.

4) Иесі бар иттер мен мысықтар, қоғамдық орындар жанындағы дүкендердің, емханалар мен дәріханалардың т.б. байлаулы қалдырылған иттерден басқалардың барлығы көшелердегі базарлардағы, скверлердегі ілесусіз иесі жоқтар қаңғыбастар болып табылады да, оларды арнайы қызмет орнының атуына рұқсат етіледі.

5) Иттер мен мысықтарды құтырған ауруға қарсы вакциналық емдеу жүргізілгендігі туралы ветеринарлық белгісі бар куәлік болғанда көліктің барлық түрімен, 12 айдан кем емес болса, әкелуге және алып жүруге рұқсат етіледі.

6. Иттер мен мысықтардың иелеріне тиым салынады:

1) Мал дәрігерлік емдеу орнының немесе ит спорт клубының тіркеуінсіз ұстауға ;

2) Жалпы пайдаланатын асханаларда, дәліздерде, баспалдақ алаңдарында, шатырларда, подвалдар мен лоджыларда;

3) Иттер мен мысықтарды подъездерді, баспалдақ, спорт және кір жаятын алаңдарды, гүлзарларды, жаяу жүргінші жолдарын, скверлер мен саябақтарды былғауларын; Осы аталған орындар былғанған жағдайда, бұл орындарды иелері тазалауға тиіс.

4) Иттерді жалпы пайдаланатын қоғамдық орындарда тізгінсіз, сондай-ақ мас күйде және 14 жасқа дейінгі балалардың қыдыртуына тиым салынады.

5) Иттер мен мысықтарды өзендер мен көлдерде тағы басқа су тоғандарында шомылдыруға, суаруға ;

7. Осы ережені бұзған иттер мен мысықтар иелерінің жауапкершілігі:

1) Қала мен елді мекендерде ит ұстауда белгіленген осы Ережені бұзғандарға ескерту беріледі немесе үш айлық есеп көрсеткішіне дейінгі мөлшерде айып салынады

2) Қала мен елді мекендерде мысық ұстауда белгіленген осы Ережені бұзғандарға ескерту беріледі немесе бір айлық есеп көрсеткішіне дейінгі

м ө л ш е р д е

а й ы п

с а л ы н а д ы .

3) Ит пен мысық ұстауда белгіленген осы Ережені бұзып, азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне зиян келтіргендерге 10 айлық есеп көрсеткішіне дейінгі мөлшерде айып салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК